

## Құзыреттілік картасы

Негізгі құзыреттілік	Модуль бойынша оқыту нәтижелері
<b>Құндылықтық-мағыналық</b>	– отбасына, ұжымға, қоғамға, туған еліне қатысты өз құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін жүзеге асыру
	– азаматтық ұстаным, патриотизм, парасаттылық, мультимәдениеттік, толеранттылықты таныту
	– сыни тұрғыдан ойлауға қабілеттілікті дамыту
	– тұлғалық, рухани және зияткерлік өзіндік даму, эмоциялық өзін-өзі реттеу және өзін-өзі қолдау тәсілдеріне ие болу
<b>Тұлғалық өзін-өзі жетілдіру және денсаулықты сақтау</b>	–өзін-өзі реттеу, өзіндік даму, болжау және одан әрі мақсат тұту үшін педагогикалық, ғылыми-зерттеу үрдісі мен нәтижесіне рефлексия, өзіндік бақылау және түзету жасау
	– таным, оқу, білім алу құндылықтарын тарату, өмір бойы білім алуға ұмтылу
	– танымдық икемділік, жүйелі ойлау, зияткерлік қызмет мәдениетін, жаңалықтарды қабылдауды таныту
	– табысты өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру, қойылған міндеттерді (жеке,кәсіби, қоғамдық) орындау
<b>Ақпараттық-коммуникативтік</b>	– жеке адамдармен, ұжыммен, қоғаммен әлеуметтік және мәдениетаралық өзара іс-қимылды жүзеге асыру
	– кәсіби міндеттерді шешу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынасты орнату
	–топта және жеке жұмыс істеу, ынтымақтастық ортаны тудыру
	– мүмкіндігі шектеулі адамдармен өзара іс-қимыл жасау
	– әлеуметтік, мәдени және тұлғалық айырмашылықтарды толерантты қабылдау
	–жеке, қоғамдық және кәсіби қызмет саласында негізгі заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен цифрлық технологияларды қолдану
<b>Жалпы кәсіби құзыреттілік</b>	<b>Модуль бойынша оқыту нәтижелері</b>
<b>Ұйымдастырушылық – басқарушылық</b>	– ұйымдастырушылық қабілет, көшбасшылық қасиеттер және белсенді өмірлік ұстанымды таныту және этикалық және құқықтық нормаларды меңгеру
	– мақсаттар мен міндеттерді жоспарлау, кәсіби қызметтің нәтижелерін болжау
	– қабылданған шешім және іс-әрекеттер нәтижесі үшін дербестілікті, жауапкершілікті дамыту
	–өзінің кәсіби қызметін инновациялық педагогикалық тәжірибені қолдана отырып ұйымдастыру
	– менеджмент туралы ғылыми түсініктерге сәйкес басқаруға дайындықты таныту
	–кәсіби қызметтегі ықтимал тәуекелдерді анықтау -- кәсіби қызметтің нәтижелілігін бағалау
<b>Әдістемелік</b>	–кәсіби қызметтің әдістерін (соның ішінде педагогикалық), технологияларын және құралдарын таңдау тәсілдерін қолдану

	– тарихты оқытудағы білім беру қызметін жаңартылған білім мазмұнына сәйкес жоспарлау және құрастыру
	– жетекші педагогикалық тәжірибелерді жинақтау және тарату
	– жаңартылған білім мазмұнына сәйкес инновациялық, ақпараттық-коммуникативтік білім беру технологияларын қолдана отырып кәсіби шеберлікті таныту
	– қысқа мерзімдік, орта мерзімдік, ұзақ мерзімдік білім беру жоспарлары мен оқу жетістіктерін бағалаудың дескрипторлары мен критерийлерін жасау
	– дербес түрде өзінің цифрлық білім беру ресурстарын құру;
<b>Психологиялық-педагогикалық</b>	– жаңартылған білім мазмұны аясында инновациялық тенденциялар мен трендтер негізінде оқу-тәрбие жұмысын жүргізу
	– кәсіби қызметті тұлғаның жеке-психологиялық ерекшеліктерін, соның ішінде айрықша білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастыру
	– психологиялық механизмдердің мәнін, субъектілердің тұлғалық ерекшеліктерін, ұстанымдары мен бағыттылығын, олардың эмоциялық жағдайын білу негізінде өзінің кәсіби қызметін жетілдіру
	– кәсіби функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті негізгі педагогикалық және психологиялық әдістер, тәсілдер және құралдарды қолдану
<b>Зерттеу</b>	– ұлттық және әлемдік тарих пен мәдениеттегі тарихи тұлғалардың рөлі мен жетістіктерін бағалау
	– тарихи оқиғалар, құбылыстар, үрдістерді себеп-салдарлық байланыста, тарихнамалық, этнографиялық материалдарды қолдана талдау
	– зерттеу қызметі барысында түрлі субъектілермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру
	– зерттеу қызметі барысында жүйелі әдістің негіздерін қолдану
<b>Кәсіби құзыреттілік</b>	<b>Модуль бойынша оқыту нәтижелері</b>
<b>Іргелі</b>	– әлемнің ғылыми келбетін, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстардың өзгеруін болжау
	– жаһандық және жергілікті тарихи-мәдени, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, этнодемографиялық және конфессиялық үрдістерге қоғам дамуының объективтік заңдары негізінде сыни баға беру
<b>Арнайы-кәсіби</b>	– кәсіби және басқа қызметтерді табысты жүргізу үшін, әртүрлі дереккөздерінен (статистикалық мәліметтер, бұқаралық-ақпарат құралдары, әлеуметтік тораптар, тарихи құжаттардан) алынған материалдарды топтастыру және түсіндіру
	- гуманитарлық ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктерді ақпараттық және цифрлық ресурстарды қоса алғандағы заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып білім берудің барлық формаларында пайдалану
	- тарихты оқытудағы білім беру қызметін білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес құрастыру
<b>Ғылыми - зерттеушілік құзіреттілік</b>	– белсенді зерттеушілік ұстанымға ие болу, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін қолдану
	– зерттеушілік қызметте тарихтың барлық кезеңдеріндегі дамудың біртұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын негізгі оқиғалар, құбылыстар мен үдерістерге, олардың себеп-салдарлық байланысын аша отырып талдау жасау
	- ақпарат пен деректерді олардың шынайылығы, идеологиялық

	бағыттылығы және ғылымилығы тұрғысында түсіндіру
	- зерттеушілік және тәжірибелік міндеттерді шешу кезінде деректемелік, тарихнамалық және этнографиялық материалдарға талдау жасау

